

№ 4 Хаттама
Азық-түлік сапасын бақылау комиссиясының отырысы

Өткізген уақыты: 2025 жылғы 24 қараша

Қатысқандар:

ҚОББ «№1 арнайы мектеп-интернаты» КММ директоры - Тлегенова А.М

Азық-түлік сапасын бақылау комиссиясының мүшелері:

Брокераждық комиссияның төрайымы - Сарсекенова Н.Х

Брокераждық комиссияның мүшелері :

1. Ибраева А.Ж – Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
2. Жумабекова Ж.К – Педиатр дәрігер
3. Түгельбаева А.Т – ата-ана
4. Акимова А.М - қоймашы
5. Швалова С.И- Офтольмолог -дәрігер
6. Қалыбекова Г.М – Диеталық медбике
7. Нұркашева М.А –Тәулік бойы жұмыс істейтін медбике
8. Доценко Л.Я- Тәулік бойы жұмыс істейтін медбике
9. Қасымжанова П.Қ- Тәулік бойы жұмыс істейтін медбике
10. Минаева Т.В- Тәулік бойы жұмыс істейтін медбике
11. Спан Г.Р –Әлеуметтік педагог

Бас аспаз – Апсалямова С.

Күн тәртібі:

1. Ыстық тамақтың сапасы мен құндылығын тексеру, және тамақ пісіретін бөлмелердің тазалығын, ата-ана мен оқушылардың шағымдарын қарау туралы жұмыстарды атқару қорытындысы
2. Ыстық тамақпен тамақтанатын оқушылардың тамақтануын қадағалау қорытындысы туралы

Отырыстың барысы:

1. Бірінші мәселе бойынша Мектеп- интернаттың тәрбие ісі жөніндегі директордың орынбасары Сарсекенова Н.Х.

Тексеру комиссиясының кестесіне сәйкес комиссия мүшелері ыстық тамақтың сапасын тексеру бойынша рейдтерді уақытылы өткізді. Қараша айындағы тексерудің нәтижесі төмендегідей.

Мектеп асханасының жұмысын тексеру барысында ыстық тамақтың сапасы белгіленген нормаға сәйкес орындалып жатқанын анықтадық. Әлеуметтік жағдайы төмен отбасынан, толық емес отбасындағы, көпбалалы отбасынан шыққан оқушылар жалпыға бірдей білім беру қоры есебінен тегін және жеңілдетілген ыстық тамақпен қамтылған.

Комиссия мүшелері асхана жұмысын тексере отырып, мына төмендегі жұмыстарды тексеріп, бақылады. Тексіріс асхана залының жалпы тазалығын және оқушылардың қол жуатын орнын басталды. Асхананың іші таза. Сонымен қатар, асхананың ішкі бөлігі саналатын көкөніс сақтау, ет-сүт өнімдерін, су, ұн

сақтайтын бөлмелер мен тоңазытқыштар түгелдей тексерілді. Аталған азық-түлік өнімдері талапқа сай, сертификаттары бар екендігі анықталды. Асхананың тамақ жасауға арналған плиталар мен ыдыстардың және ыдыс жууға арналған арнайы бөлменің де тазалағы тексерілді.

Асхана қызметкерлерінің жеке медициналық кітапшалары бар. Тамақ жасауға пайдаланатын заттарды алып келетін фирмалармен жасалған келісімшарттардың бар екендігі де тексерілді.

Мектеп асханасын зерделеу мақсатында аудандық комиссия мүшелерінің қорытындысына сәйкес мектеп асханасының сапалық құрамы, рецикулятордың болмауына және диспансердегі суды ауыстыруға байланысты байланысты ескертулер жасалды. Мектеп асханасының арендаторы олқылықтардың орнын толтыруға байланысты жұмыс жүргізуге ұсыныстар айтылды.

Мектеп асханасында ата-аналар, ұстаздар, оқушылардың шағымы мен ұсыныстары үшін арыз-шағым дәптері және онлайн арыз-шағымды қабылдау платформасына сілтеме қойылған. Дегенмен, ешқандай арыз-шағым түскен жоқ. Ата-анамен сынып жетекшілер арқылы байланысып, ата-аналардың мектеп асханасындағы ыстық тамақ туралы кері байланыс алып отырмыз. Әзірге, баға-қанағаттанарлық.


Шешімі:

1. Ыстық тамақтың сапасын арттыру мақсатында ата-аналардан кері байланыс алынсын.

Брокераждық комиссияның тексеру барысында мынандай шешім қабылдады:

1. Ескертулер болған жоқ

Брокераждық комиссияның төрағасы:
Брокераждық отырыстың хатшысы:



Н.Х.Сарсекенова
Н.Б.Бугельбаева